

11 2008

44348

Әбдікәрім Ахметов  
ШАРАЙНА

60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
Советской  
Отечественной  
Войне  
60 жыл











Әбдікәрім Ахметов  
ШАРАЙНА

Тоннажи, грузы, газы, нефть, нефтехимия  
Гранитные камни, строительные материалы  
Бетонные изделия, кирпичи, блоки

60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
Советской  
Отечественной войне  
60 жыл



"Санат" баспасы  
Алматы 2005

Казақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігі  
Акпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Құрастырушылар: Жұбайы - Роза Омарбекқызы  
мен інісі Сейфолла Оспан

Алғы сөзін жазған ақын Сейфолла Оспан

Ахметов Э.

А 94      Шарайна (Өлеңдер мен толғаулар) - Алматы: «Санат»,  
2005. - 128 бет.

ISBN 9965-664-35-8

Бұл кітапта ақынның Ұлы Отан соғысына катысадын кезде көрген  
білгелері, ариналары жыр болып төгіліп, туган жерге, слғе деген  
сағыныны сыр болып айтылады.

Жинақтың тілі шымыры, ақын айтайдын деген ойын көркем жырмен  
шүрайлы шабытта өре білген.

Жинақ жыр сүйер кауымды бей-жай қалпырмайлды ғой деп ойлай-  
мыз.

А 4702250202-17    12-05  
416(05) -05

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-664-35-8

© Ахметов Э. - 2005.

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005.

## АҢҚЫЛДАҒАН АҚЖАРМА АҚЫН ЕДІ

(Алғы сөз орнына)

Мына жалған дүниеден кімдер кетпеген, небір қасқалар мен жайсандар да кеткен ғой. Болмаса, Әбдікәрім Ахметов сияқты аңқылдаған ақжарма ақындар өмірге тойған жоқ еді, өмірдің өзі де сондай ақадал азаматқа құмарлығын қойған жоқ еді ғой. Жүрген жерін күнде базар ететін, барған жерінің іргесін кеңітіп сала беретін осындай ақын ағамыз да дүниеден пар кешкелі бір шама жылдар өтіп кетіпті. Артында сүйген жары мен үрпақтары, қаншама құрбы-құрдастары, іні-бауырлары қалды. Олар әлі күнге дейін Әбекенмен жүргендегі естелік әңгімелерін тамсана айтып, елді таң қалдырып, аруағын бір аунатып жататыны анық. Өйтпегенде ше? Ешкімге залалын тигізбей, қайта қолынан келген көмегін аямаған азаматты еске алудың өзі бір ғанибет қой.

Дос жүрегі шарайна,  
Сылтауыңа қарай ма,  
Бұлдіріп алма қалай да,  
Кір шалдырма, жарай ма?  
Шимайланса шарайна,  
Дақ түсірер шырайға.  
Абайла, бауырым, абайла! –

деп үнемі үйіне келген қонақтарына өзінің өлең-жырының төлкүжатында болған осы өлеңін оқып отыратын. Және сондайда жаны рақаттана тебіренетін. Содан соң барып көнілі жайланып, қарқылдай күліп алып жайдарылық әлеміне көшіп жүре беретін.

Өзінің жан дүниесін жайлаған асыл қасиеті – өлеңді, тіпті ол кісінің кәсіби мамандығы деуге де аузымыз көп аса бара бермейтін. Өйткені, Әбекен мінезі өлең-жырмен бірге дамып, бірге өсіп, бұл жалғандағы артына сөз қалдыруды ойлап, өзі көрмеген шаттығын, өзі көрмеген дарқандығын, өзіне жазбаған қуанышын болашақ үрпақтарына тілеуі мәңгі өнеге болып қалып қойған сияқты. Яғни Әбекен ақынның өзі жоқ болғанмен артына қалдырған сөзінің тәркі дүниелік сазын сақтап қалған. Ақын өзі қыңбай пар кешкен дүние суретін былай береді.

Мен әлі жүріп келем, жүріп келем,  
Шаңым көп шалғайымнан сілікпеген.  
Жауым жоқ деумен көбін көріп келем,  
Досым көп деумен түрін көріп келем.

Үмітпін өмір алдап жерітпеген,  
Жігітпін көп нәрсеге қөнікпеген.  
Қияға шыққаным жоқ даңқ деген,  
Қатерге қарамадым төніп терең.

Талғаусыз табылғанды теріп келем,  
Таңдаусыз талқаңымды беріп келем.  
Бәз қалпым – бала мінез үрікпеген,  
Мен әлі жүріп келем, жүріп келем.

Бұл өлең ақын өмірінің өшпес тағылымын береді. Нендей қынышылық болсын онша мойымайтынын және атақ-даңққа да онша құмар еместігін, оның үстіне жауының да, дұшпанычың да аз-көптігін білдірмей өтетін мықтылышының танытқандай бұл өленде көптеген сырдың ішбұклесі жатқандығы анық.

Иә, ақын жаны дарқан, дарқандықтың өзі адамзат баласының, рухани биіктігін танытары хақ. Бүкіл шығармашылығы Әбдікәрім ақынның өз табиғатындағы нәрді беріп, соның өшкімге үқсамас жұпарын шашып түрғандай әлі күнге.

Самалы Сыр бойына жеткенде есіп,  
Келді оған суретші – көктем ілесіп.  
Жан-жағын жомарттықпен жаңырытып жүр,  
Жаңалап бояуларды кеткен өшіп.

Қыс бойы деп ысталды, я ыластанды,  
Бояды мөп-мөлдір ғып сұр аспанды.  
Буына сары алтынның күнді ұстал  
Бетіне бұлақтардың сынап салды.

Құлпырды қызыл-жасыл қайран дала,  
Дала емес тәрізді бақ-сайранхана.  
Алыстан ақ қалпақты ата таулар  
Қарайды айналага қайран қала.

Көктем құс қанаттарын қадап өтті,  
Қыздардан гүлді көйлек талап етті,  
Кешкілік құтыдағы қызыл сырдың  
Қалдығын көкжиекке жаға кетті.

Біз оқыған алғашқы өлең айқұрек ақынның жайсаң жан-дүниесін берсе, екінші өлең ақынның анау-мынауды елемей өтетін өмірін елестетсө, мына өлең өзінің ішкі дүниесінің шүбесіз

көркемдігі мен мәрттігін паш етеді. Үш өлең арқауының бірлігі сондай Әбдікөрім ақынның тұлғасы мен тұрпатын, ой тазалығы мен жан тазалығын сана сарабдалдығына сиыстыра салған. Ақынның өлмес қуатының бір парасы осында жатса керек.

Рас біз көп нәрсени, кеп қасиетті мына жалғандағы алынған атақ-даңқтың төнірегінен іздел шарқ үратынымыз бар. Ондайы болмаса шарт сынып шалқамыздан түсіп, көзге онша ілгіміз келмейтіні тағы бар. Ол біздің әдебиетімізді болсын, мәдениетіміз болсын өркенін жаздырмай өресін тарылтатын ауру. Ақын өзі өлеңінде айтқандай атақ-даңқсыз-ақ халқының қарапайым ақыны болғанын қанағат тұтып кеткен жан.

Бұл кісі кезінде Ұлы Отан соғысына қатысып, 1946 жылы Харьковтың әскери-медициналық училищесін бітіріп, шекара округінде офицерлік қызметте болған. Сол армия қатарынан запасқа шыққан соң «Лениншілжас», «Социалистік Қазақстан», Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеттерінде істеген, кейін келе Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында Кеңесші-хатшы қызметтерін атқарған. Одан соң «Көркем әдебиет» баспасында 1958-1981 жылдары Қазақ КСР Министрлар Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің белім бастыры, «Жазушы» баспасында аға редактор қызметтерін атқарып, соғыс үақытындағы медальдарын былай қойғанда Балалар мен жастар әдебиетін өркендетуге сінірген еңбегі үшін «Баспа озаты!» деген құрметті атаққа ие болған адам. Ақын ағамыз жогарғы қызметтің қай саласында істемесін өзінің ақ жарқын мінезімен, тауып айттар не қылыш әзіл-қалжынымен сара жолын ел санасына сініріп кеткен сарабдал азамат екендігінде сөз жоқ.

Қазір біз осы шамадағы ақындардың жинақтарына онша мән бере қоймау жағына қалыптасып бара жатқан сияқтымыз. Бірақ ол бекершілік. Өйткені, оған олардың өздері емес, заманы кінәлі. Заманның құйтырқы құпия сырлары кінәлі, империяның әріден басталған зәрінің бірте-бірте бойды алып, келер үрпақтың кеудесін жайлап, келелі ойларын әлсірететін арам ойлы пиғылы кінәлі. Бұл жөнінде де ақынның өзі ашық айтып кеткен. Бұл сөздің бүкіл өзі түрғылас ақындардың бәріне қатысы да бар және арашалап алатын сөздері де бар. Ол сөз Әбекенің «Көзайым» атты бір томдығының алғы сөзінде былай айттылады. «Біздер әдебиетке үгітші-жаршы жолымен араласқан едік, ұраншылдау болдық. Ұақыт тілегінен шығу мақсатымен жедел жазылатын көркемдігі кемдеу, жадағай, жалаң дүниелерге көбірек бардық...» – дейді. Осы сөздің өзі-ақ көп шығармалар төңірегіндегі кемістікті шуып-шайып кетеді.

Содан да болар ақын өзінің бірсыптыра өлеңдерін мәңгі тақырып – «...махаббат пен адалдық, елдік пен ерлік, ғолғаныс пен қайырым, күйініш пен сүйініш, қала берді соғыс тауқыметі, еңбек зейнеті өзгелердей маған да ортақ. Ендеше, менің негізгі тақырыптарымды осы айтылғандардан қарастыру дұрыс» – дедті ақын. Шынында да ақын шығармаларының дені өзі айтқандай тәніректің танымдық жүйесінің кеңдігін паш етеді. Ақын өз шындығын халықтық аңыздардың арқауына аунатып, арманды дүниенің ажарын өзінше өрнектеп шығады. Бұған куә «Фатимат», «Өшпеген жалын», «Өрен өмір», «Толқындағы өмір», «Тырау, тырау, тырналар», «Кекшетау аңызы», «Кавказ аңызы», «Қаратату аңызы», «Угардың қылышы» тағы басқа да шығармалары осылай кете береді. Осылардың ішкі мазмұнында автордың жоғарғы айтқан тақырыптары кеңінен орын алған.

Кей күні жата алмасам толқып, аунап,  
Кетемін кең әфирден толқын аулап,  
Дабылы бес құрлықтың үйіме еніп,  
Тұрады қиялымды құр-құраулап – деп

үнемі елеңдеп тұратын ақын, ақтарқын пейілмен жүріп, өкінетін сәттері де болады еken.

Шипагер-шәкірт, жас қауым,  
Сендерді жөн бе жасқауым,  
Көремін десен қеріңдер  
Болмайын бекер тосқауыл.

Қараймын десен, қараңдар,  
Ақкөңіл албырт ұландар.  
Байқасаң жақсы – жүрекке  
Достардан түскен жарам бар – дейді.

Бұл фәнидегі, азғантай ғұмырды өлдеқандай қөріп, кірпияз тірліктің тәнірісіндей тәлтиетіндердің теріс тепкіндері кімге тимеген дейсіздер ғой. Ақын шамасы соны айтып отырса керек.

Әркімнің бір арманы бар дегендей, бұл кісінің бар арманы осы алдындағы жыры болатын. Сөз арасында менің қасымда жалғыз сенімді досым бар інім, ол менің жырым. Маған қазір дос та, сүйеніш те, көніл алданышы да, кекректегі жырымның сарқылмауы дейтін. Ол кісі жырға ғашық еді. Бірде маған қатты қуанып, «Өмірзая» сөзін білесің бе сен деген. Мен оған аса мән берген жоқпын. Бірақ кейін соны өлеңге айналдырып, өзінің ренішті кезде мауқын басатын жыр жазғанына куә болдым.

Зая кеткен өмір аз ба жалғанда,  
Өмірзая әлде содан қалған ба?  
Өмірзая – қыршын өлген боздақтың  
Аңзы өзегін жарып шыққан арман ба?

Жеткен шақта ақку – арман аспандап,  
Жатқа кеткен жанарынан жас парлап,  
Сорлы қыздың аты-жөнін жеңгесі  
Өмірзая деді ме еken астарлап?

Кім айтса да қайран халық дана ғой,  
Қырға біткен кішкене гүл салады ой.  
Бір-ақ күнде гүлдей қурап ететін.  
Өмірзая өрімдей бір бала ғой.

...Ұзақ ғұмыр берген кейбір кереңге  
Табиғаттың ағаттығын көрем де,  
Бір лап етіп сөнгендерді еске алып  
Елеңдеймін, өмірзая дегенде.

Осындай күрсініспен жүріп, өзін-өзі жұбататын сәттері  
кейінгі кездे көп болды. Бірақ көп нәрсеге кешірімді ағамыздың  
кейде лапылдан отырған ортасын құлкіге көміп, бір сәт бар  
ішкұса сырын ұмтытып мынандай да жыр оқитын:

Бақсымын ба, басқамын ба, білмеймін,  
Бір көрмеге өзгелермен бірдеймін.  
Кейде жоққа қуанамын жарыла,  
Кейде нағыз мықтылықты қундаймін.

Наданмын ба, адаммын ба, ұқпаймын,  
Кішіге – үлкен, үлкендерге құйттаймын.  
Кейде ағынды қызыл судай лайсан,  
Кейде таңғы мәлдірекен шықтаймын.

Баламын ба, данамын ба күні өткен,  
Ағзам – арса, от лауласа жүректен.  
Жас қырандай көзім өлі қызыл да,  
Сейте тұра сабырым – тас, дір өткен.

Өліарарадай қыс пен көктем арасы,  
Аумалы да төкпелімін, қараши.  
...Қиял менен қызбалықтан жаралған  
Алақұйын ақынмын-ау, шамасы!

Осы жан толқынысында пендешіліктің көптеген күйкі  
тірлігі жатқан сияқты және оның биопа тағдырында, еш жанға  
өкпе-наздың қажеті де жоқ-ау деген тұжырымға тоқталады.

Бұл ақын жаңының пәлсапасы өмірдің табиғи тағдырымен ағасып жатқандығын білдірсе керек.

Бірде ақынның ер жігіттің үш жұрты бар дегенді өз шығармашылығына да қолданғанын байқадық. Менің өз жұртым- өлең, нағашы жұртым – аударма, ал қайын жұртым – журналист – дейді. Қандай табылған ұтықырлы сөз. Сол сияқты бұл кісінің нағашы жұртына жататын еңбегі де аз емес. Оған Л.Украинканың, С. Маршактың, Э.Межелайтистің, Г.Зелинскийдің, В.Федоровтың, Ю.Тувимніңжәне 1973 –жылы туысқан Қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақ ақынның таңдамалы жыр-толғауларын аударып, жеке-жеке кітап етіп шығарғаны – өз әдебиетіміздің өзекті арнасына қосылған сүбелі еңбек болды десек ешкімнің таласы бола қоймас.

Айта берсе Әбекең жасаған еңбектің шегі жоқ. Ақынның 1982 жылы «Жазушы» баспасынан «Көзайым» атты бір томдығы шыққан екен, соған Әбекең өз қолымен «Тіршілік атты кеменің бір қаютасында жарты өміріміз бір өткен талантты ақын, асыл азамат, сүйікті інім Сейфолла мен ақылды, сабырлы келінім Күләйға» деп қолтанба қалдырылты. Құдай бізге осындей ақын ағамыздың 70-80 жастағы тірлік тойын қимаған екен. Бірақ шығармашылығы мәңгі жасасын дей отырып ақынның:

...Көп болыпты-ау болмағалы ауылда,  
Сағынышым сыздайды омырауымда.  
Сағынышым Сыр суында толқындал  
Сағынышым саргайтады қауындей.

Сағынышым нар қамыстай сырнайлы,  
Сыңғырлайды, сұылдайды, тынбайды.  
Балапандай ұясынан қараған  
Алпақ мақта тағатымды үрлайды.


...Көп болыпты-ау көрмегелі Сыр бойын,  
Қайтқан құстай сонда ұшар қунде ойым...

-- деп ақынның өзі жырлағандай Сыр бойының Қармақшы ауданы өз түлегін ескеріп, өзі жоқ болғанмен артында сөзі қалған әруақты ақынына бір ескерткіш-белгілер жасар деп ойлаймыз. Тағдыр танабын тартқанмен ақын мерейтойы елі мен жерінің қуанышы екендігі баршаға аян той.

Сейфолла ОСПАН  
акын

I бөлім

**ӨТКЕРДІК СОҒЫС  
ДАУЫЛЫН**



## МӘҢГІ АЛАУ АЛДЫНДА

...Екі әкеден екеу едік – екі ұл ек,  
Жүрді анамыз қос көзіне нұр тілеп.  
Ағамды алды...  
Мен де кеттім әскерге,  
Жалғыз ана бірдей құтті үнілеп.

Содан... содан көріспедім ағамен,  
Қай қыратта қалды құйттай қара мен?  
Менен ғері хабары жоқ соны ойлап,  
Қайран ана сарғайыпты санамен.

Соғыс деген бір қияпат сор қалың,  
Қарақұрттай төрт жыл құрды торларын.  
Күні-түні киім тігіп майданға,  
Естідім мен  
анам мешел болғанын.

Соғыс деген сойқаны мол масқара,  
Қыын тиді  
кәріге де,  
жасқа да.

Хабар түгіл  
«Қара қағаз» ала алмай,  
Күте-күте...  
тиді жеңгем басқаға.

Ағамды ойлап,  
анамды ойлап,  
жеңгемді...

Көздің жасын сығып алдым мен де енді.  
...Митридат тауындағы мәңгі алау  
Жалынымен жалап жатыр қеудемді.

\*\*\*

Майдангерді жырлауға  
өлең керек өзгерек,  
Піл сауырлы шыдам мен  
оқтай үшқыр сөз керек.  
Кәрі солдат,  
өзінді айтсам ба деп жеткізіп,  
Талай тұнды өртедім  
жанарымнан от тізіп,  
Женістерді жырлауға  
көрү керек жеңісті, –  
Түгел Қызыл алаң бол  
толқығанын жер үсті.  
Көрү керек қуаныш  
көзден қайнар атқанын.  
Қауышудың – қауырсын,  
сағыныштың – батпанын.  
Білу керек солдаттың  
еңірегенін үялмай,  
Өлген досын соңғы оқтан  
қара жерге қия алмай...  
Кәрі солдат, от кешіп,  
өлмеген кек-құсадан...  
Төрт жылдыңды оқ тесіп  
түнгі аспанға ұқсаған.  
Қалайылап қайтадан  
кек аспандай күндізгі,  
Күнді жеңмен бір сүртіп,  
қуантқанда сен бізді!  
...Еру күнді сағаттай  
зып қақтырдың жаңаша...  
Кәрі солдат өмірің,  
өлеңнен де тамаша!

## АРДАГЕРЛЕР, АРМЫСЫҢ

*Бауыржан Момышұлына*

Кәрі солдат бүгінгі,  
жас едің-ау онда сен,  
Сонау соғыс кезінде  
жарқылдаған алмас ең.  
Жас та болсаң көп еді  
көңілінде толғаныс;  
Атой шықса атып-ақ  
тұрушы ең, жас жолбарыс.  
Сонда жап-жас командир  
толағай топты бастаған,  
Тағдырын саған тапсырып  
толқытқан қызыл астанаң.  
Тұр еді сында бақытын,  
махаббат, арман-мұратын,  
Шегінер жерің жоқ еді,  
қақың жоқ еді ығатын.  
Басталды қырғын топалаң...  
темірлер қаудай лапылдал,  
Зіркілдеп жатты оқпандар  
аузынан жалын лақылдал.  
Солқылдал жатты қара жер,  
қақырап кетті аспан да,  
Не болар еді ерлерің  
сасқанда... тұра қашқандай?  
Күркіреп келген дүлей күш  
тайқысаң тарпып жүтқандай:  
Шегінді... тұрдың күл-көмеш,  
дозаққа кіріп шыққандай.  
Білдің бе сонда, жас батыр,  
қазіргі кәрі тарланым.  
Құтқарып қалдың апаттан  
адамның нәзік арманын,  
Құтқарып қалдың халқыңың  
ғажайып болашағын сен,  
Қаңарман кәрі солдатым,  
ағажан, қара шалым, сен!

## Қасым Қайсеновке

Сен жайында сөзім көп,  
кәрі солдат,  
Тастан таймас тарланбоз – кәрі саңлақ.  
Орман жанған жылдарда наизағайлы,  
Талай шықтың айқастан қаның саулап.

Сені сұсты бұлтқа орап сүрғыл аспан  
Жау үстіне лақтырды «Дугластан»,  
Жерден жаңбыр оғымен қарсы алып жау,  
Қасқыр иті қамалап құғыласқан.

Иероглиф бұтақты қалың орман  
Панаң болды сасқанда,  
арың – қорған.  
Атамекен жері үшін аттан салып,  
Арысымсың айқаста дабыл ұрған.

Есінде ме...

тұн қатып үш адамың  
Жарып қайтты дұшпанның эшелонын,  
Жұтқан иттей ұрығын күшалданың  
Жау жығылды деп жүріп күш алатын.

Айғақ еді аймаққа өрен даңқың,  
Тірек тапты түнекте сенен халқың.  
Есінде ме,  
сатқынның сазайы деп,  
Үйінде аттың фашистің коменданттын?

Әділет ең қанжардай жалтылдаған,  
Арамдықты айқаста сен тураған.  
Қай тұсымнан партизан шығады деп,  
Қорыққаннан бастары қалтылдаған.

Алау көктен жан едің жалын ішкен,  
Айлалы едің жығатын шалып іштен...  
Сенің өлі-тіріңнен хабар алмай,  
Асыл жарың сарғайған сағынышпен.

Кәрі солдат,  
батыры тоғай-нудың,  
Қас-қатерге белінді талай будың.



Жеңіс алып «Үлкен жер» жеткенінде,  
Куаныштан сан құлап,  
талай түрдүн...

Түсірдің ғой дей көрме пәленді еске,  
Шеккім келді өміріңен өлең-кесте.  
... Тұра алмаймын еске алмай ерлігінді,  
Өте алмаймын бас иіп сәлемдеспей!

Рақымжан Кошқарбаевқа

Көрі солдат!..  
Тез түзеліп,  
Кешір мені,  
Кешір,  
бір жыл сапқа тұрган мұндастым!  
Солдат десем – ер дегенім, сырласым,  
Берлинде де менен бұрын болғасын.  
Женіс үшін қара бұлттай қаптаған  
Жанның бірі менмін, соған мақтанам!  
Бірақ, сенің орның өзге, арысым,  
Сен көтердің жалау ғып ел нағысын.  
Жетпей кеткен Әлия мен Төлеген,  
Жетпей кеткен Мәншүк болу керек ең,  
Бәрекелді,  
бауырым,  
досым,  
ардағым,  
Сен солардың жалғастырыдың арманын  
Рейхстагқа бір солдат бол аттанып,  
Қазақ болып қайттың жүртқа жатталып  
Арпалыста абырайынды асырған,  
Айналайын сол жиырма бір жасыңнан!  
...Долы дауыл шайқай алмас – еменім  
Құрметім фой...  
көрі солдат дегенім.

## ЖАРЫҚ ДҮНИЕ

*Ұлы Отан соғысының ардагері  
Тлекен Әбдікешовке*

Қан бұзылды,  
Жан дызылы қайғы үдеп,  
Қара тұман қара құшақ жайды кеп,  
Дәрігерлер жалтақ-жалтақ қарайды,  
Болар ма қан құйғанымыз жайлы деп.

Көктем де енді қызу емес сияқты,  
Өткен де енді үзік елес сияқты.  
Келер күндер тұзу емес сияқты,  
Өмір мұлде қызық емес сияқты.

Құлшынсам да,  
Қоюланып қап-қара ой,  
Ніл тигендей бұзылады аппақ ой.  
Денсауында қадірінді кім білген,  
Жарық дүние, жарқыраған шақтар – ой,

Жарық дүние, қандай сиқыр, мен таңмын,  
Тағдырына сыйып жатқан әр жанның.  
Шалқып жүріп өмір қысқа дейміз-ау,  
Ұзақ болып несі қызық арзанның?

Мен дүниеге ризамын, қанағат,  
Кеше, бүгін, ертөнім бар, жамағат.  
Армансызыбын адам болып жарапып,  
Сері болып өткеніме аралап...

Жарық дүние қиялымды тербетер,  
Сені өзгеден түсінемін мен бетер.  
Қаныңды тек алмайыншы мен бұзып,  
Менің қаным бұзылса, өзге ержетер.

Менің қаным бұзылса бір түйіршік,  
Мен ол үшін шошымаймын тегі ыршып.  
...Уа, достарым,  
Мынау жарық дүниенің  
Жанарына жолатпаңдар бір кіршік!

\*\*\*



16

Ескі жара сыздайды  
ауа райы бұзылса,  
Ескі жара сыздайды  
ренжісе,  
қызынса.  
Ескі жара сыздайды  
көңлі толқып қуанса,  
Ескі жара сыздайды  
«саулық үшін» бір алса.  
Кәрі солдат сондайда  
мүқалмайды күйініп,  
Кәрі солдат сондайда  
қалады тек түйіліп.  
Қырық бір мен қырық бес  
түседі еске алау бол,  
Май тұрады алдында  
қызыл-жасыл жалау бол.  
Май тұрады алдында  
салют – гүлге ұсан қап,  
Бұл тұрады аулында  
қарт әжесін құшақтап...  
Ескі жара сыздаса  
құрысады бар дене,  
Бұл жүреді бей-жай бол  
жетпегендей әлде не.  
Жау алмаған ерлерге  
уақыт салып шабуыл,  
Майдангерлер – марқасқа  
сиреп қалған шағы бұл.  
Жылдар шайып азайған  
көздің нұры, бет әрі,  
Олжалауға шалдарды  
сырқат та емес кет әрі.  
Кәрілікке қыры ма,  
иә, сырқатқа сесі ме,  
Медальдарын таққыштау болды қарттар  
төсіне...  
Ескі жара сыздаса,  
кәрі солдат... шақ қалар,  
Шақ қалар да...  
«оқтан да мықты екем!» – деп  
мақтанар.

## БОРАНДЫ ІЗДЕУ

*Совет Одағының Батыры  
Боран Нысанбаевтың туған аулында  
окылған өлең*

Ойпир-ай,

Боран қайда,  
Боран қайда,

Соғыс бітті,

еліне оралмай ма?

Біздерге гүл ұсынған балаларды

Құшып-сүйіп,

қолынан гүл алмай ма?

Жайықтың шомылмай ма айдынында,

Шықпай ма ат ойнатып бәйге құмға?

Асықпай ағайынға қыдырмай ма,

Осындан елі еру – жайлы жылда?

Байқасам, құрдас екен Боран маган –  
Дүшпанға дауылдаған,

борандаған.

Жолықсақ жарқылдастып жүрмес пе едік,  
Қалжындаап ақын,

батыр алаулаған!

Айналған аты аңызға Боран мықты,

Осында өткеріпті балалықты,

Ерлігін Истатайдың бойға жиып,

Жырынан Махамбеттің нәр алыпты.

Болғалы

бала Боран,  
жігіт Боран,

Құрбыда жан өтпепті уытты одан.

Дзотты төспен таптар шағында да

Деседі орынынан күліп тұрған.

Ойпир-ай,

Боран қайда,  
Боран қайда,



Соғыс бітті,  
еліне оралмай ма?  
Біздерге гүл ұсынған балаларды  
Құшып-сүйіп,  
қолынан гүл алмай ма?

Деп:  
«Шаттық, қуанышқа, халқым, оран,  
Әлі де майданда жүр батыр Боран.  
Жорықта – жалында жүр белін шешпей,  
Дамылсыз дауылда жүр сақылдаған!

## ҚАЗАҚ ӘНІ БЕРЛИНДЕ

Жаңа ғана жас қазақ  
Автоматын тазалап,  
Жалтыратып болғаны,  
Кенет, көкті ән кернеп,  
Бой балқыта ой тербел  
Радио ән толғады.

Сыбызығы саз нәзік үн,  
Серігі жастық – жазының,  
Жанға жылы салып ой,  
Жүрек кетті шымырлап,  
Құлім қақты жымыңдап:  
«Мынау қазақ әні ғой!»

Лұпілдеді жүрегі,  
Албырап әні-реңі  
Толқып кетті майдангер,  
Көзін сықты со тұста  
Төрт жыл бойы соғыста  
Жыламаған қайран ер.

1946 ж. Берлин.

# ТОЛҚЫДЫ ЦИМЛЯН ТЕҢІЗІ

1

Іске асып ел арманы,  
Қуаныш қонды көнілге.  
Тарттық жаңа арнаны,  
Болашаққа, өмірге.

Ел анасы екі алып, –  
Егде тартқан Волга, Дон,  
Қайта туды жасарып,  
Гүл жайнады құба жон.

Қақпасындај женістің  
Шлюздер кеңнен ашылды.  
Бейнесіндей ұлы істің  
СЭС-терден шұғыла шашылды.

Қартага қалам тигізіп,  
Құрылышы ер іci, –  
Тесін күнге сүйгізіп;  
Толқыды Цимлян теңізі!


2

Жаңа теңіз тұңғышы –  
Жас толқындар жарысып,  
Теплоходты жүр құшып,  
Ақ айдында табысып.

Шарқ ұрады шағала,  
Суды сзыып, құмартып.  
Жайқалады жағада,  
Жасыл орман мұнартып.

Көз жіберіп осыған,  
Көп қарайды капитан.  
Көк теңізде жасынан  
Талай танды атырған.

19





Қараған сайын келеді  
Қуаныш билеп көңілін.  
Қараған сайын көреді,  
Ертеңгі көркем өмірін:

«Қандай іскер ел едік,  
Шәл-даланы гүлденткен.  
Қандай алып ер едік,  
Табиғатты түрленткен!

Бұрын мұнда күн ұзак,  
Жер жататын мұң шағып.  
Соғатұғын ақызак,  
Құс қанатын от шалып.

Енді міне...

Айнала, –  
Теніз тұрып еңбектен,  
Толқындары жай ғана,  
Теплоходты тербеткен!»

## НАТАША

Алтын шашты,  
Аққұбаша,  
Қыйғаш қасты –  
Жас Наташа!

Есінде ме,  
Қанды майдан? –  
Жаулар елге  
Ажал жайған.

Жараланып  
Мен қансырап,  
Есім танып  
Жаттым сұлап.

Сонда құйдың  
Тамырыма,  
Маған қыйып  
Қаныңды да...  
Есінде ме,